



БҰЙРЫҚ

«12» қазаң 2023 ж

ПРИКАЗ

№ 130

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Сана» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру туралы 2022 жылғы 08 тамызындағы №382 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

2023-2024 оқу жылында балабақшада «Сана» ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру бойынша қызмет ұйымдастырылсын.

1. Функционалды жауапкершілікті бөлумен қоса балабақшаның ішкі тәртібі бекітілсін:
 - Меңгеруші: бағдарламаны іске асыру қызметіне басшылық жасап, бақылауды жүзеге асырсын;
 - Шаруашылық меңгерушісі: бағдарламаны іске асыру кезінде бөгде адамдарды балабақшаға жібермеу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық персоналдың, күзетшілердің жауапкершілігін арттырсын;
 - Әдіскер: бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастырып, жоспар құрастырсын;
2. Топ тәрбиешілері ата-аналарға түсіндіру жұмысын жүргізіп, бағдарламаға қатысуын қамтамасыз етсін.
3. Балабақша әкімшілігі мен тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру жетекшісі, мамандар жұмыс тиімділігін арттыру үшін бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шара: ата-аналар конференциясы ретінде аяқталуын қамтамасыз етсін.
4. Балабақша әкімшілігі бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті балабақша сайтында жариялап, жұмысты жүзеге асырсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші

М.К.Ахметова

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бекітілді
 №69 «Еркем-ай» балабақшасының
 меңгерушісі

 М.К. Ахметова
 « 13 » 10 2023 ж.

№	Тақырыбы	Мазмұны
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҮЙІМ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ		
1.	Отбасы - бақыт бөсігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	<ol style="list-style-type: none"> 1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі 2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі 3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері
2.	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың балабақшаға бейімделуі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Баланың жеке басын дамытудағы балабақшаға бейімделуінің маңызы 2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және балабақшаға бейімделуін диагностикалау 3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4. Балалардың ынтасы мен қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен балабақшаның өзара әрекеті
3.	Әрбір бала – жарық жүзді Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	<ol style="list-style-type: none"> 1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2. Баланың дамуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Баланың жақсылық-сүйініш, жаманы-күйініш. 3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуда болады? 4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен педагогтердің өзара әрекеті.
4.	Баланы жастан... Бала бойындағы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен әруақшаны дамытуда

	<p>тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?</p>	<p>эсері.</p> <ol style="list-style-type: none"> 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланын тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара әрекеті.
<p>5. Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?</p>		<ol style="list-style-type: none"> 1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына эсері 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау 3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.
<p>6. Сенім арту - жетістік кешілі</p>		<ol style="list-style-type: none"> 1. Бала өміріндегі қиындықтар 2. Әр жастағы балалардың өз дағдарыстары бар. Балалар бойындағы «менменшілдікті» жақсы жаққа бұру. 3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау
<p>7. Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Балаға үлгі көрсету</p>		<ol style="list-style-type: none"> 1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын манызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 4. Үдесін орындау – ата-ананың ең басты қатидасы. 5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.
<p>8. Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл аумақтың негізі ретінде</p>		<ol style="list-style-type: none"> 1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі 2. Тәрбие тәлімінен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббиердің отбасының бірлігіне ықпалы 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер 4. Балабақша мен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жана дәстүрлер қалыптастыру 5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы

Бекітілді
 №69 «Еркем-ай» Балабақшасының
 менеджерісі

 М.К. Ахметова
 « 09 » 2023 ж.

«БІР ТУТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

Тақырып	Мақсаты	Күндізлік	Әдіс-тәсілдер	Өткізетін уақыты	Жауаптылар
Тәрбие – тал бесіктен басталады	Адамзат бағасы үшін, қоғам үшін тәрбиенің манызын ашу, бүгінгі күнгі бала тәрбиесінің осал тұстарын нақтылай отырып, тәрбие тәрбиелеудің қыр-сырын айқындау. Ұлттық тәрбиенің манызын ашу.	өзара ынтымақтастық	Ата-аналармен кездесулер, шеберлік сынақтары, ата-аналар жиналыстары	Кыркүйек	Менгеруші, әдіскер, психолог, тәрбиешілер
Патриоттық тәрбие бастаулары	Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру бағыттарын айқындау, балаларды елің, жерің сүюге тәрбиелеу.	патриоттық, рухани-адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік	1. Ел, жер отан туралы мақал-мәтелдерден сайыс 2. «Менің елім» патриоттық әндерден ата-аналармен бірлескен іс-шара	Қазан	Менгеруші, әдіскер, психолог, тәрбиешілер
Адамгершілік – асыл қасиет		рухани-адамгершілік және ұлттық тәрбие бағыты	Адамгершілік туралы мақал-мәтелдердің мәнін ашу	Қараша	Менгеруші, әдіскер, психолог, тәрбиешілер

Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын	Бағаларды елін, отанын сүюге тәрбиелеу, ел-жерді қорғаған ерлердің еңбегіне ізетпен қарауға дәріптеу, өз тілін, салт-дәстүрін құрметтеуге баулу	патриоттық, рухани-адамгершілік, отансүйгіштік,	1. «Менің отаным-Қазақстан»- шығармашылық бұрышы; 2. Ертеңгіліктер Мектепалды топ бағаларымен ашық іс-шаралар өткізу.	Желтоқсан	Менгеруші, әдіскер, музыка жетекшілері, тәрбиешілер
Ертегілер еліне саяхат	Бағаларды ертегілер арқылы адамгершілікке, патриоттыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	адамгершілік, сыйластық, достық, еңбексүйгіштік	1. Ертегілерден сахналық қойылымдар 2. Ертегілер желісімен ұйымдастырылған іс-әрекеттер театрларға бару (шақыру)	Қаңтар	Менгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
Үлкенге құрмет, кішіге ізет	Бағаларды ойындар арқылы, халық ауыз әдебиеті арқылы үлкендерді сыйлауға, өздерінен кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу	Сыйластық, достық, мейірімділік, жанашырлық	3. Сюжеттік-рольдік ойындарды ұйымдастыру 4. Адамгершілікке байланысты өлең, тақпақтардан сайыс ұйымдастыру	Ақпан	Менгеруші, әдіскер, психолог, тәрбиешілер
Мерекелердің тәрбиелік маңызы	Халқымыздың рухани байлығын игеруге, ұлттық дәстүрлерін таныстыру. Ұлттық құндылықтардың өзіндік үлгі өнересін бағалар бойына сіңіру. Өз ұлтына әдет – ғұрып, салт – дәстүрге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	ұлттық, патриоттық, сыйластық, адамгершілік, отансүйгіштік,	1. Аултыс айту күніне арналған чөлпендіж; «Анашым-асыл қазынам» ертеңгілік; 2. «Өз-Наурыз»- шығармашылық атталығы;	Наурыз	Менгеруші, әдіскер, мамандар, тәрбиешілер

<p>Ойын ойнап ан салмай, өсер баға бола ма?</p>	<p>Ұлттық ойындар, халық әндері арқылы бағалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру.</p> <p>Бағаларды қазақтың ұлттық ойындарымен, ән-жырларымен таныстыру арқылы адамгершілікке баулу.</p>	<p>адамгершілік, адалдық, ұлттық, патриоттық, сыйластық, отансүйгіштік,</p>	<p>1. Ұлттық ойындардан сайыс 2. Халық әндерінен іс-шара</p>	<p>Сәуір</p>	<p>Менгеруші, әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, тәрбиешілер</p>
<p>«Бес нәрсеге асық бол. Бес нәрседен қашық бол..»</p>	<p>Бағаларды жаман мен жақсылыны ажырата білуге үйрету.</p>	<p>сыйластық, адамгершілік, отансүйгіштік, татушылық</p>	<p>1. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер 2. Мерекелік ертенгіліктер 3. Ойындар</p>	<p>Мамыр</p>	<p>Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер</p>

**Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында
2023-2024 оқу жылында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын
іске асыру жөніндегі
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің шешіміне сәйкес, 2023-2024 оқу жылынан бастап орта білім беру ұйымдарында **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы** жүзеге асырылады.

Бұл әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына толықтырулар енгізу» және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығының редакциясына өзгертулер енгізу туралы нормативтік құқықтық актілерінің негізінде әзірленді.

Орталықтың *ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық қызметін сүйемелдеуді* «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты (бұдан әрі – «Өркен» ҰҒПБӘАИ) жүзеге асырады.

Орталықтың мақсаты: қазақстандық балалардың әл-ауқатын позитивті ата-ана болу мәдениетін дамыту арқылы қамтамасыз ету.

Орталықтың міндеттері:

- ата-аналарға ұлттық құндылықтар негізінде жүйелі психологиялық-педагогикалық білім беруді ұйымдастыру;
- Қазақстанның бақытты және табысты азаматтарын тәрбиелеу бойынша ата-аналардың құзыреттерін дамыту;
- позитивті ата-ана болу мәдениетін дамытуда әлеуметтік әріптестердің күш-жігерін біріктіру.

Білім беру ұйымдары деңгейінде Орталықты іске қосу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады.

1. Білім беру ұйымдарында Орталықты ашу және жауапты тұлғалар жұмыс тобын (бұдан әрі – жұмыс тобы) құру туралы бұйрық шығару (1-қосымша).

* *Орталықтың жауапты тұлғалар жұмыс тобының құрамына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, білім берудің әр кезеңіне жауапты мұғалімдер кіреді.*

2. Орталықтың қызметі туралы толықтыруларды Мектепішілік бақылау жоспарына (2-қосымша), Мектептің тәрбие жұмысы жоспарына (3-қосымша) және Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жоспарына енгізу.

3. Мұғалімдердің лауазымдық міндеттеріне ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру функциясын енгізу (4-қосымша).

4. Орталықтың қызметі туралы толықтыруларды сынып жетекшісінің (5-қосымша), педагог-психологтің (6-қосымша), әлеуметтік педагогтің (7-қосымша) жоспарларына енгізу.

5. Вариативті компонент және білім беру ұйымының ұсынысы бойынша курс тақырыптарына 20–30% көлемінде өзгерістер енгізе отырып Орталықтың курстарының бағдарламасын бекіту.

6. Орталықтың сабақтарын педагогтер арасында бөлу.

7. Орталық сабақтарының кестесін құру және өткізу орнын анықтау.

Орталық бағдарламасының мазмұны Абайдың «Толық Адам» біртұтас тұлға тұжырымдамасына және балалардың жас ерекшеліктеріне сәкес денсаулық жағдайы, әлеуметтік, эмоционалдық, когнитивтік әл-ауқаты контексіндегі заманауи теорияларына негізделген.

2023-2024 оқу жылының 1 қыркүйегінде 6-7 жастан 10-11 жасқа дейін; 10-11 жастан 14-15 жасқа дейін; 14-15 жастан 17-18 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарын **Орталық** курстарының мазмұнымен **таныстыру мақсатында бағдар беретін кездесулер мен сауалнама** жүргізіледі.

Курс жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі немесе үшеуі белгілі бір мектеп үшін өзекті мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталық сабақтары кестеге сәйкес күндізгі оқу түрінде жүргізіледі.

Орталық сабақтары **эртүрлі әдіс-тәсілдермен** өткізіледі:

- семинар-практикумдар, тренингтер, тимбилдинг, іскерлік ойындар және т.б.;
- пікірталас сабақтары (дөңгелек үстел, пікірталастар, талқылаулар және т. б.);
- балалар әл-ауқатының эртүрлі аспектілерін қарастырып жүрген зерттеушілер мен мамандар өткізетін вебинарлар мен тренингтер.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналар мен аға буын өкілдерін тарту.

Білім беру ұйымының веб-сайтында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» айдары ашылады, онда сабақ кестесі, ата-аналарға арналған бағдарламалық-әдістемелік материалдар, кері байланыс жасау құралдары, оқыту курсы тандау бойынша сұранысты мониторингілеуге және зерделеуге арналған материалдар, сондай-ақ Орталықтың цифрлық платформасына сілтеме орналастырылады.

Ата-аналармен байланыс Орталықтың цифрлық платформасында жүзеге асырылады:

- бейнедәрістер, тақырыптық вебинарлар орналастыру;
- ата-аналарға педагог қызметкерлер мен психологиялық-педагогикалық, медициналық және әлеуметтік көмек қызметінің жетекші мамандарының онлайн-кеңесі.

Ата-аналар Орталықтың цифрлық платформасында орналастырылған материалдарды пайдалана алады: курс бағдарламалары, ата-ана тәрбиесіне арналған ресурстардың электрондық каталогі, бейнеұсынымдар, бейнежағдаяттар, сұхбаттар, психологтің кеңестері, тесттер, сауалнамалар, жаднамалар, нұсқаулықтар, бақылау-парақтары, постерлер және т.б.).

Білім беру ұйымы қалалық (аудандық) білім бөлімдеріне Орталықтың қызметін ұйымдастыру мониторингінің материалдарын (ата-аналардың білім алушылардың түрлі жас топтарына сәйкес бағдарламаларды тандау статистикасы, сабаққа қатысуы) жолдайды.

Білім беру ұйымдары отбасындағы балаларды тәрбиелеудегі проблемалық бағыттарды анықтау мақсатында **ата-аналарға сауалнама жүргізеді**, соның негізінде Орталықтың бағдарламасына енгізу үшін тақырыптар ұсынылуы мүмкін.

Ата-аналардың қанағаттану деңгейі сауалнамасын білім беру ұйымдары білім басқармалары әзірлеген кестеге сәйкес жүргізеді.

Орталық қызметінің тиімділігін анықтау бойынша талдауды «Өркен» ҰҒПБӘАИ білім басқармаларымен келісіп, мониторингілеу және диагностикалық құралдар бағдарламасы арқылы жүзеге асырады.

Орталықтың білім беру барысы, жұмысының қорытындылары педагогикалық кеңестің отырыстарында, ата-аналар жиналыстары мен конференцияларда, қоғамдық форумдарда, ата-аналар оқуларында қаралады, сондай-ақ веб-сайтта, білім беру ұйымы әлеуметтік желілерінің ресми парақшаларында жарияланады.

Әлеуметтік әріптестердің (қоғам өкілдері, ведомстволардың мамандары және т.б.) Орталық қызметінде қатысуы мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- сабақтар өткізу;
- бірлескен жобаларды іске асыру;
- кеңес беру;
- ата-аналар мен балалардың қатысуымен шығармашылық, спорттық, мәдени іс-шаралар (концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрмеңкелер, көрмелер, флешмобтар, жорықтар) өткізу;
- ашық есік күндері.

Орталықтың жыл сайынға қызметінің қорытындылары Республикалық және өңірлік форумдарда айтылады. Ата-аналардың сөз сөйлеу форматы: TEDx, стендтік баяндама, жоба қорғау, сторителлинг т. б.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелерінде отбасы мен білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылының табысты тәжірибесі мен тиімділігін тарату мақсатында Орталықтың қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланады.

ЕСКЕРТУ. 1-7-қосымшаларда Орталықтың жұмысын реттейтін құжаттарды әзірлеу үлгілері ұсынылған.